

ХАТТАМА
Байқау кеңесінің күндізгі отырысы
Шымкент қаласы білім басқармасының
«Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін
мектебі» ШЖҚ МКК

Шымкент қ.

№ 01/23

10 ақпан 2023 жыл

Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК орналасқан жері: Шымкент қаласы, Қаратая ауданы, Нұртас шағын ауданы, 1514А ғимарат

Отырыс өтілген орын және ашылу уақыты: Шымкент қаласы, Қаратая ауданы, Нұртас шағын ауданы, 1514А ғимарат, 2 қабат, 234 кабинет, сағ: 15:00.

Кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшелері қатысты:

Демеуов Ахан Калыбаевич – М.Әуезов атындағы ОҚГУ «Спорт және туризм» факультетінің деканы;

Кистаубаев Ермакан Ибадуллаевич – Шымкент университеті ректор кеңесшісі;

Калыкулов Куатбек Мухтарбекович – АӘИУ «Бизнес және басқару» кафедрасының менгерушісі;

Байқау кеңесінің мүшесі қатыса алмады:

Жакаев Естай Абдірасілұлы – Орта білім беруді және тәрбие жұмыстарын дамыту, қосымша білім беру бөлімінің бас маманы.

Абиева Айнур Кадирбековна – Жалпы білім беру мектептердің бюджеттік жоспарлау бөлімінің жетекшісі.

(жұмысына байланысты себеппен).

Байқау кеңесі мүшелеріне байқау кеңесінің отырысына қатыса алмаған жағдайда, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша жазбаша пікір беру мүмкіндігі туралы түсініктеме берілді.

Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір білдірді:

Жакаев Естай Абдірасілұлы, Абиева Айнур Кадирбековна.

Кворум туралы ақпарат: шешім қабылдау үшін кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МҚК-ның Байқау кеңесі мүшелерінің дауыс беруі арқылы Байқау кеңесінің төрағасын сайлауды;
2. Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МҚК-ның Байқау кеңесі хатшысының міндеттерін жүктеу және негізгі жұмыспен ұштастырғаны үшін қосымша ақы мөлшерін айқындауды;
3. Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МҚК-ның 2022-2026 жылдарына арналған даму жоспары туралы қорытынды беру.

Байқау кеңесі күн тәртібін қарап, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МҚК Байқау кеңесінің ағымдағы отырысының күн тәртібі ұсынылған редакцияда бекітілсін.

Дауыс беру нәтижелері:

ИӘ- 5 дауыс (Демеуов А.К., Кистаубаев Е.И., Калыкулов К.М., Абиева А.К., Жакаев Е.А.)

ҚАРСЫ «ерекше пікір»- 0 дауыс (тар)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) – 0 дауыс(тар).

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: бірауыздан 5 дауыспен

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Усманов Бегмат Нуралиевич сөз сөйлеп, мынаны хабарлады:

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 11 қарашасындағы №2314 қаулысына сәйкес кәсіпорында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз құзыреті шегінде кәсіпорын қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы - Байқау кеңесі енгізілді.

Шымкент қаласы білім басқармасы басшысының 2022 жылғы 20 желтоқсанындағы №693 бұйрығымен 5 адамнан тұратын кәсіпорынның байқау кеңесінің құрамы бекітілді.

Байқау кеңесі қызметінің негізгі мақсаты кәсіпорынның жұмыс істеуіне және кешенді дамуына жәрдемдесу, оның ішінде тиімділік тұрғысынан кәсіпорын қызметін талдау болып табылады.

Жұмысты тиісінше ұйымдастыру және Байқау кеңесі шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыру мақсатында Байқау кеңесінің төрағасын оның мүшелері арасынан сайлау қажет.

Байқау кеңесі төрағасының негізгі функциялары:

- 1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және Байқау кеңесінің шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыру;
- 2) Байқау кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастыру;
- 3) Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру;
- 4) Байқау кеңесінің атынан шығатын құжаттарға қол қою;
- 5) Байқау кеңесінің позициясын және уәкілетті органның алдында Байқау кеңесінің қызметі туралы есепті ұсыну және т.б.

Қазақстан Республикасының Заңының 148-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпанындағы №113 бұйрығымен бекітілген Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларының 4- тармағымен және кәсіпорын Жарғысының 10.7-тармағымен Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесі мүшелерінің арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы Байқау кеңесінің төрағасы болып сайлануға кандидант болып табылмайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде кәсіпорынның байқау кеңесіне Байқау кеңесінің төрағасын сайлау туралы мәселені қарау ұсынылады.

Кәсіпорынның Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен (Демеуов А.К., Кистаубаев Е.И., Абиева А.К., Жакаев Е.А.) кәсіпорынның Байқау кеңесінің төрағасы ретінде Калыкулов Куатбек Мухтарбековичтің кандидантурасы ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Заңының 148-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығымен бекітілген Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларының 4- тармағы және Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МҚК (бұдан әрі-кәсіпорын) Жарғысының 10.7 тармағы бойынша, байқау кеңесі **ШЕШТІ**:

- 1) Кәсіпорынның Байқау кеңесінің төрағасы болып Калыкулов Куатбек Мухтарбекович сайлансын.
- 2) Кәсіпорынның Байқау кеңесінің төрағасы ретінде Калыкулов Куатбек Мухтарбекович өкілеттік мерзімі тұластай Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін белгіленсін.

Дауыс беру нәтижелері:

ИӘ- 4 дауыс (Демеуов А.К., Кистаубаев Е.И., Абиева А.К., Жакаев Е.А.)

ҚАРСЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (тар)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (тар)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: көпшілік дауыспен.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Усманов Бегмат Нуралиевич сөз сөйлеп, мынаны хабарлады:

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің қызметін тиісінше қамтамасыз ету мақсатында байқау кеңесі Хатшысының болуы қажет.

Заңың 148- бабының 6-тармағына және 149-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Байқау кеңесінің хатшысы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлері болып табылады және Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді, оның отырыстарын дайындауды және өткізуді, отырыска материалдарды рәсімдеуді қамтамасыз етеді және Байқау кеңесі мүшелерінің отырыстарының материалдарына қол жеткізуді қамтамасыз етуді бақылауды жүргізеді. Байқау кеңесі Хатшысының құзыretі мен қызметі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі құжаттарымен айқындалады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта ұйымдық құрлыымда және штаттық кестеде Байқау кеңесінің хатшысы лауазымының болмауына байланысты, оның міндеттерін кәсіпорын қызметкерлерінің біріне өзінің негізгі жұмысынан босатпай, басқа лауазым бойынша қосымша жұмысты еңбек шартында келісілген өзінің негізгі жұмысымен қатар орындағаны үшін қосымша ақы төлеуді жүзеге асыра отырып жүктеу ұсынылады.

Кәсіпорынның Байқау кеңесі хатшысының қызметін жүзеге асыру математика пәні мұғалімі Арыстанова Айгерім Өмірзакқызына, ұйымдық құрлыымда байқау кеңесінің хатшысы лауазымы енгізілгенге және оны белгіленген тәртіппен тағайындағанға дейінгі мерзімде жүктеу ұсынылады.

Заңың 149-бабы 1- тармағының 7) тармақшасына және кәсіпорын Жарғысның 10.11 тармағының 7) тармақшасына сәйкес Байқау кеңесінің өкілеттіктеріне, Байқау кеңесі Хатшысының өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін тағайындау, айқындау, оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде кәсіпорынның Байқау кеңесіне, кәсіпорынның Байқау кеңесінің хатшысының міндеттерін жүктеу туралы мәселені қарау және қоса берілген жобаға сәйкес шешім қабылдау ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 111- бабына және Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мұлік туралы» Заңының 149-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес және Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МҚК (бұдан әрі- кәсіпорын) Жарғысның 10.11-тармағының 7) тармақшасымен Байқау кеңесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) Кәсіпорынның Байқау кеңесі хатшысының міндеттерін орындау, белгіленген тәртіппен кәсіпорынның Байқау кеңесі хатшысының лауазымының штат кестесі тағайындалғанға дейін математика пәні мұгалімі Арыстанова Айгерім Өмірзакқызына жүктелсін.

2) Байқау кеңесінің хатшысы 30% (отыз пайыз) мөлшерінде 25000 теңге қосымша жұмысты орындағаны үшін Арыстанова Айгерім Өмірзакқызына қосымша ақы төлеуді жүзеге асыру.

3) Кәсіпорын директоры осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

Дауыс беру нәтижелері:

ИӘ- 5 дауыс (Демеуов А.К., Кистаубаев Е.И., Калыкулов К.М., Абиеева А.К., Жакаев Е.А.)

ҚАРСЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (тар)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (тар)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: бірауыздан 5 дауыспен.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Усманов Бегмат Нуралиевич сөз сөйлеп мынаны хабарлады:

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 акпанындағы №14 бұйрығымен бектілген мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну 2-тарау 10-тармақ қағидаларына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы МҚҚ даму жоспары тиісті саланың уәкілетті органымен немесе Байқау кеңесінің қорытындысын ескере отырып, жергілікті атқарушы органмен бекітеді.

Ұйымның даму жоспары қосымшаларға сәйкес құрылымына, нысандарына, көрсеткіштеріне сәйкес тізілімнің веб-порталы арқылы әзірленеді. 1,2,3,4,5,6,7,7-1,7-2,8,9,10,11,12 және 13 осы қағидалар мыналарды қамтиды:

- Даму жоспарының құрылымы/ұйымның даму жоспарының орындаруы туралы есеп;
- Ұйымның паспорты;
- Корпоративтік құрылым;
- Қызметтің негізгі бағыттары (мақсаттары, міндеттері және негізгі көрсеткіштері, іске асыру бағдарламасы);
- Қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері (қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері, кірістер, ақшалай қаражат респубикалық бюджет қаражаты есебінен өнімдерді өткізу,

- шығыстар, Инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, үлестік құралдарды сатып алу);
- Қосымша көрсеткіштер (алып жатқан алаң және автокөлік, қарыз алу құрылымы, уақытша бос ақшаны орналастыру).

Даму жоспары бес жылдық кезең шеңберіндегі жылдар бойынша бөлінген қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерін көрсетеді. МКК даму жоспарының орындалуы бойынша есепті бекіту веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК-да ұйымның атқарушы органы, даму жоспарының жобасын Байқау кеңесінің қарауына жібереді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК байқау кеңесі тиісті саланың уәкілеті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органға) даму жоспарының жобасына қорытынды ұсынады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде кәсіпорынның Байқау кеңесіне Даму жоспарының жобасын жасасу туралы мәселені қарау және қоса беріліп отырған жобаға сәйкес шешім қабылдау ұсынылады.

«Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Занының 149-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және Шымкент қаласы білім басқармасының Сағадат Нұрмамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК (бұдан әрі-кәсіпорын) байқау кеңесі туралы ережеге сәйкес, байқау кеңесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) Жергілікті атқарушы органға кәсіпорынның 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспарының жобасына қорытынды беру.
- 2) Осы хаттаманың 1-қосымшасына сәйкес кәсіпорынның 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспарына қорытынды бекітілсін.
- 3) Белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдансын.
- 4) Кәсіпорын директоры осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

Дауыс беру нәтижелері:

ИӘ- 5 дауыс (Демеуов А.К., Кистаубаев Е.И., Калыкулов К.М., Абиеева А.К., Жакаев Е.А.)

ҚАРСЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (тар)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір) - 0 дауыс (тар)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: бірауыздан 5 дауыспен.

Отырыстың жабылу уақыты: 16:00

Байқау кеңесінің болмаған мүшесі Е.А.Жакаев пен А.К.Абиеваның жазбаша пікірінің түпнұсқасы осы хаттамаға қоса беріледі.



Бақылау
кеңесінің төрағасы

 Калыкулов К.М.

Байқау
кеңесінің мүшелері

 Демеуов А.К.
 Кистаубаев Е.И.

Байқау
кеңесінің хатшысы

 Абиева А.К.
 Жакаев Е.А.
 Арыстанова А.Ө.